



БҰЙРЫҚТАН СУЫРМА

05.09 .2025 ж

Астана қаласы

ВЫПИСКА ИЗ ПРИКАЗА

№181

город Астана

**№19«Балбөбек» балабақшасы» МКҚК сыбайлас
жемқорлыққа қарсы стратегияның
басшылыққа алынуы және іске асыруын
талдау жұмыстары туралы.**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 қарашадағы № 410 – V
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы» заңының 8-бап 5-
тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің
2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын
бекіту туралы» ережесін негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

т.1. №19«Балбөбек» балабақшасы» МКҚК сыбайлас жемқорлықтың алдын-
алу мақсатындағы іс-шараларды талдау үшін төмендегі жұмыс тобы
құрылсын:

Әдіскер: Ж.Б.Акниязова
Бөбекжай диетбикесі: Р.К.Ануарбек
Педагог-психолог: Э.О.Манапова
Тәрбиеші: Р.Ж.Абуова
Аспазшы: Г.М.Рысбаева

т.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау төмендегі бағытта жүргізілу
ескерілсін:

1) бөбекжайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері
бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу.

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдау қызметтердің саласындағы
стандарттар мен саясатты әзірлеу және жаңғырту.

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа
қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын
жүргізу.

4) мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингтеу және реттеу бойынша
шаралар қабылдау.

5) бөбекжай қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді Заңға сәйкес сақтауы тұрғысынан мониторинг жүргізу.

6) корпоративтік әдеп құндылықтарын дамыту.

7) бөбекжай қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік Әдеп кодексін (болған кезде) сақтауын бақылау.

8) «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес азаматтық және бизнес-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу.

9) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету.

10) сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және/немесе оларға қатысу.

11) бөбекжай қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі жұмысты үйлестіру.

12) бөбекжай қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету.

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді мониторингтеу және талдау.

14) квазимемлекеттік сектор субъектісі жасасатын азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алу туралы шарттарға шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, іскерлік әдеп пен парасаттылықтың нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын міндетті түрде сақталуын көздейтін ережелерді қосуды қамтамасыз ету.

т.3. Талдау кезеңі 04.09 – 30.12.2025 жыл аралығында өткізілсін.

т.4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың жүргізілуіне және талдамалық анықтамалардың берілуіне жауапкершілік жұмыс тобының жетекшісі Ж.Ақниязоваға жүктеледі.



Бұйрықпен таныстырылды:

Handwritten signature

Н.С.Кулдашева

Handwritten signatures of J.B. Akniyazova, R.K. Anuarbek, E.O. Manapova, R.Z. Abuova, and G.M. Rysbaeva

Ж.Б.Ақниязова
Р.К.Ануарбек
Э.О.Манапова
Р.Ж.Абуова
Г.М.Рысбаева